



4 маусым-Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Рәміздері күні

Құттықтау!

Тәуелсіздігіміздің берік негізі

Құрметті жерлестер!
Қадірлі аудан тұрғындары!
Сіздерді Қазақстан Республикасының рәміздер күнімен шын жүректен құттықтаймыз!

1992 жылғы 4 маусым күні «ҚР Мемлекеттік Туы туралы», «ҚР Мемлекеттік Елтаңбасы туралы», «ҚР Мемлекеттік Әнұранының музыкалық редакциясы туралы» тарихи заң қабылданды. Бұл еліміз үшін аса маңызды тарихи сәт ретінде есте қалып, рәміздер күні болып бекітілді. ҚР Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев, «Бұл – еліміз үшін айрықша маңызды мейрам. Көк байрақ, Елтаңба мен Әнұран әрбір қазақстандықтың жүрегіне мақтаныш ұялатып, отаншылдық рухын асқақтатады. Тәуелсіздіктің қасиетті нышандары ұлтты ұлы істерге ұйыстыра берсін!», -деп, бұл күннің маңыздылығына атап өткен болатын.

Мемлекеттік рәміздер – ұлттық бірлігімізді, егемендікті, біртұтастықты бейнелейтін негіздердің бірі. Сондықтан да осынау елдігіміздің нышаны-рәміздерді қастерлеу бәріміздің қасиетті борышымыз. Тәуелсіздігіміздің белгісі мемлекеттік



Мемлекет басшысы Ерлан Қошановты қабылдады

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Мәжіліс Төрағасы Ерлан Қошановты қабылдады. Кездесу барысында Президентке VIII сайланған Парламенттің төменгі палатасының қызметі туралы мәлімет берілді.

Атап айтқанда, сессия басталғаннан бері Мәжіліс депутаттарының қарауында 75 заң жобасы болды. Оның 14-і қабылданып, Сенатқа жолданды. Қазіргі уақытта депутаттардың қарауында онлайн-платформалар, заңсыз сатып алынған активтерді қайтару, «Ұлттық

қор – балаларға» бастамасын жүзеге асыру, қоғамдық бақылау, Тұрғын үй қатынастарын жетілдіру туралы заң жобалары бар.

Ерлан Қошанов сайлаушылармен жұмыстың күшейтілгені туралы айтты. Азаматтарды қабылдау, комитеттердің салалық және көшпелі отырыстары тұрақты өткізіліп тұрады. Депутаттар халықтың өзекті мәселелеріне қатысты сауалдарды жиі жолдай бастады.

Жуырда 2022 жылғы республикалық бюджеттің жұмсалуды туралы Үкіметтің және Жоғары аудиторлық

палатаның есебіне қатысты қоғамдық тыңдалым өтеді. Президентке аталған шараға дайындық барысы туралы баяндалды.

Мәжіліс Төрағасы парламенттік дипломатия аясындағы жұмыстың қорытындылары туралы да айтты. Бұдан бөлек, Мәжіліс биыл маусым айында Қазақстанның төрағалығы аясында БҰҰ қолдауымен ұйымдастырылатын Орталық Азия елдері әйелдерінің диалогының бірінші отырысын өткізуге дайындалып жатыр.



рәміздер, елімізбен бірге мәңгі жасай береді.

Құрметті аудан тұрғындары!
Баршаңызға зор денсаулық, ұзақ өмір, отбасыларыңыздың амандық тілейміз. Көкбайрағымыз көк аспанда желбіреп, Елтаңбамыз еңселі, Әнұранымыз салтанатты жағдайда шырқалсын! Еліміз аман, жұртымыз тыныш болсын!

М.ТҰРЫСБЕКОВ,
аудан әкімі.
О.ЖАМИЕВ
аудандық мәслихаттың төрағасы.

Үкіметте газ саласын дамытудың өзекті мәселелері қаралды



Премьер-министр Әлихан Смаиловтың төрағалығымен өткен Үкімет кеңесінде газ саласын дамытудың өзекті мәселелері қаралды. Орталық мемлекеттік органдар мен ұлттық компани-

ялар басшыларының қатысуымен жаңа өндірістік және инфрақұрылымдық жобаларды іске асыру, солтүстік және шығыс өңірлерді газдандыру, тұрғындарды, өнеркәсіптік нысандар мен

коммуналдық қызметтерді отынмен қамтамасыз ету шаралары, сондай-ақ бірқатар басқа да мәселелер талқыланды.

Жүргізіліп жатқан жұмыстардың нәтижесінде таяу жылдары республикада тауарлық газ өндірісі бірнеше есе артуға тиіс екені айтылды. Бұдан бөлек, газ шығынын азайту, оны пайдалану тиімділігін арттыру және есепке алу шаралары қаралды.

Талқылау қорытындысы бойынша Премьер-министр қазырылы мемлекеттік органдар мен мүдделі ұлттық компанияларға саланы дамыту шараларының уақтылы орындалуын қамтамасыз етуді тапсырды.

«Созақ үні»-ақпарат.

Баспасөз - 2023

Аудандық «Созақ үні» газетіне II жарты жылдыққа жазылу жүріп жатыр.

«Ернұр-Пресс» арқылы: (индекс 64450) - 2400 теңге;
«Қазпошта» арқылы: (индекс 64450) - 2371 теңге 20 тиын;
Мекемелер үшін (индекс19450) - 3571 теңге 20 тиын.
«Созақ үні» газеті редакциясы арқылы жеке жазылушылар үшін - 2250 теңге.

Жазылуға асығыңыздар!

Президент реформасы Мұратқа бірлік жеткізеді

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев өзінің Қазақстан халқына арнаған әрбір Жолдауында елімізді саяси, экономикалық, әлеуметтік тұрғыда жаңартуға бағытталған реформаларға айрықша назар аударып келеді. Міне, осындай өзгерістердің тұсында халқымызға ең алдымен ауызбіршілік, ынтымақ керек.



Саяси жаңару болмаса, елімізді дамыту, ауқымды әлеуметтік-экономикалық өзгеріс жасау мүмкін емес. Сондықтан жаңа реформаға сай еліміздің саяси жүйесі мен әкімшілік-аумақтық құрылымына едәуір өзгерістер енгізілді. Оның шеңберінде биліктің негізгі институттарының: Президент, Парламент, жергілікті өзін-өзі басқару, партиялық, сот, сот-құқықтық қорғау жүйелерінің негізгі өкілеттіктері қайта қаралды. Осылайша саяси реформа қоғамды дәйекті түрде демократияландыруға септігін тигізуде.

Президент өзінің өкілеттігін біртіндеп қысқарта отырып, Парламенттің рөлін айтарлықтай арттыруды ұсынды. Бұл супер-президенттік басқару формасын өзгертіп, парламенті қуатты мемлекетті қалыптастырудың алғышарты болары анық. Сондай-ақ, аралас сайлау жүйесі арқылы азаматтардың мемлекетті басқару ісіндегі рөлі артатын болды. Мәжілістің депутаттық корпусының 70 пайызы пропорционалдық, 30 пайызы мажоритарлық тәсілмен жасақталды. Бұл тәсіл облыстағы, қалалардағы мәслихаттар сайлауына да енгізілді.

Президент атап өткендей, Жаңа Қазақстанды құру ісі адал әрі еркін саяси бәсеке болуын қамтамасыз етуден бастау алады. Сондықтан партияларды ұйымдастырушылық жағынан дамытуға барынша қолайлы жағдай жасалды. Партияларды тіркеу едәуір жеңілдеді. Аумақтық сайлау комиссияларының жұмыс тәсілі қайта қаралып, байқаушылардың қызметі заңмен реттеліп, сайлау үдерісі де жаңғыртылды. Бұл халықтың сайлауға деген сенімін арттырып, өз таңдауларын еркін жасауларына мүмкіндік тудырды.

Мемлекет басшысы былтырғы Жолдауында тәуекелге толы тарихи шешімдер қабылдады. Ұлы даланың Ұлытауы облыс орталығы, шырайлы шығыстан-Абай, жер жәннаты Жетісудан Жетісу облысының құрылуы жергілікті халықтық талап-тілегі орындалып, ұлан-ғайыр жеріміздің байырғы атаулары, ұлы тұлғаларымыздың есімі ұрпақ санасында жаңғыра түсті.

Мұның бәрі өзінен-өзі жүзеге аса салмайтыны белгілі. Жаңа Қазақстанның қозғаушы күші – біздің азаматтарымыз. Сондықтан жаңа міндет, ортақ мұратқа қол жеткізу үшін әрбір азамат сапалы еңбек етуі тиіс. Президентіміз айтқандай, бізге ешкім сырттан келіп, ештеңе істеп бермейді. Бәрі өз қолымызда. Сондықтан Жаңа Қазақстанды құру жолында баршамыздың жддырықтай жұмылып, әрекет етуіміз аса маңызды.

Бегімбет БАЙҒАРАЕВ,
облыстық мәслихат депутаты.

Аудан әкімі Мұхит Тұрысбеков ауданымыздың абыройын асқақтатып, облыстық, республикалық деңгейде оқушылар арасында өткен түрлі білім және спорттық сайыстарда жүлделі орындардан көрініп жүрген оқушылар мен жетекшілерін арнайы қабылдап, құрмет көрсетті.

«Сіздердің осы жеткен жетістіктеріңіз мектеп жасындағы балалар арасында білімге және спортқа деген қызығушылықты арттыратыны сөзсіз. Алдағы уақытта да биік шыңдарды бағындырып, ауданымыз-



Алмас Дәулетұлы республикалық кезеңде 3-орынды жеңіп алған.

Жалпы білім беретін пәндер бойынша республикалық олимпиадада С.Сейфуллин атындағы жалпы орта мектебінің оқушысы Бахытқызы Алтынай Алғыс хатқа ие болса, республикалық ғылыми жобалар конкурсында Ы.Алтынсарин атындағы жалпы орта мектебінің оқушысы Құралай Сержанқызы 3-орынды иеленген.

Сондай-ақ «Созақ» жалпы орта мектеп-гимназиясының

Оқушыларға құрмет көрсетілді

дың, облысымыздың мерейін үстем етіп, жеңіс тұғырынан көріне берулеріңізге тілектеспін, - деген аудан басшысы Мұхит Сексенбайұлы жүлде иелері мен жетекшілеріне арнайы Алғыс хат пен сый-сияпат табыс етті.

Сонымен қатар, өскелең ұрпақ арасында салауатты өмір салтын насихаттап, жастардың спортқа, білімге құштарлығын арттыру үшін аудан көлемінде қолға алынған ауқымды жобаларды

тілге тиек етті. Ауданымыздың тарихына, ауданнан шыққан зиялы қауым өкілдері, спорт саңлақтары мен ұлттық спортымыз жайында әңгіме өрбітіп, марапат иелеріне алдағы уақытта бұдан да биік шыңнан көрінуге сенім білдірді.

Айта кетейік, биылғы оқу жылында «Ұлттық мектеп лигасы» жарыстарында спорттың асық ату түрі бойынша Қ.Сәтбаев атындағы мектеп-гимназиясының 7-сынып оқушылары Сұлтан Бақытжанұлы, Рамазан Сәбитұлы және

оқушылары Марина Шухратқызы мен Батырбек Тауасханұлы, «Жарқын болашақ» олимпиадасының жүлдегерлері атанып, Т.Әлімқұлов атындағы №14 мектеп интернат-лицейінің оқушысы Шұғыла Ерланқызы республикалық Әбіш оқуларында 2-орынға табан тіреді. Республикалық Ілияс Жансүгіров оқуларында Ф.Мұратбаев атындағы жалпы орта мектебінің оқушысы Бабайхан Дастан Сұлубекұлы 2-орынға ие болды.

СОЗАҚТЫҚТАР "ӨНЕРЛІ ӨЛКЕ" ОБЛЫСТЫҚ ФЕСТИВАЛІН ҚОРЫТЫНДЫЛАДЫ

Киелі Түркістан қаласында облыстың 5 жылдығына орай ұйымдастырылған «Өнерлі өлке» өнер фестивалі аясындағы Созақ ауданының мәдениет күндері өз мәресіне жетті.

«Visit Turkistan» орталығы алаңында өткен гала-концерт шөртпе күйдің шебері Сүгір Әліұлы

төрінде ұлттық құндылығымыз бен мәдениетімізді насихаттау біз үшін үлкен мақтаныш, зор құрмет саналады, - деген аудан басшысы Мұхит Сексенбайұлы ұйымдастырылған шараның маңыздылығына тоқталып өтті.

Мерекелік шара әрі қарай концерттік бағдарламаға ұласты. Ау-

ныңың 95 жылдығына арналған кітап көрмесі өтті.

Жалпы үш күнге созылған салтанатты шарада ұлттық дәстүріміз кеңінен насихатталды. Шілдехана, бесік той, келін түсіру, қамшы өру, жүн тату сынды көріністер көпшілік назарына ұсынылды.

Сонымен қатар, ұлттық спорты-



туралы сахналық қойылымнан басталды. Сондай-ақ ежелден қарт Қаратау мен Сырды қауыштырып, алуан мәдениеттерді тоғыстырған сыр мен жырға толы Созақ өңірі туралы тарихи қойылымы ұсынылды.

Салтанатты шарада аудан әкімі Мұхит Тұрысбеков ауданның тарихы мен жетістіктеріне тоқталып, жиналған қонақтарды Түркістан облысының 5 жылдық мерекесімен құттықтады.

Түркістан облысының 5 жылдығына орай ұйымдастырылған айтұлы шарада Созақ сахарасының сайын даласында әуелете ән салған жергілікті сазгерлердің дәстүрлі әндері орындалып, ұлттық дәстүріміз бен спортымыз ұлықталды. Созақ ауданы қолөнершілер жәрмеңкесі мен кітап көрмесі өтті. Сан ғасырлық тарихтан тылсым сырын шерткен, Орта Азия мен Қазақстандағы ең көне қалалардың бірі болған киелі Түркістан

дандық «Мыңжылқы» мәдениет үйі әншілері мен А.Жұбанов атындағы саз мектебі өнерпаздары күмірлесте күй тартып, әсем әннен шашу шашты.

Талай шәкірт баптаған талантты ұстаз Кенжебай Шал Халықаралық ән байқауларының жеңімпаздары атанған шәкірттерімен бірлесіп қазақтың дәстүрлі әндерін орындады.

«SozaQ dance», «Шабыт» би тобы мыңбұрала билеп, Аида Абдрахова шәкірттері скрипка шоуын көпшілікке ұсынды.

Дәстүрлі әндер шырқалып, төл өнеріміз дәріптелген мерекелік концертті шетелден келген туристер де қызыға тамашалап, көтеріңкі көңіл-күйде тарқасты.

Айта кетейік, Созақ ауданының мәдениет күндері аясында Этноауылда «Ұлттық қолөнер – тәрбие көзі» атты ауданның қолөнершілер жәрмеңкесі және Түркістан облысының 5 жылдығы мен Созақ аудан-

мызды ұлықтау мақсатында қошқар көтеру, асық ату, ләңгі тебу, арқан тартыс, бір тасын көтеру, қол күрес түрлерінен білекті палуандар арасында сайыс өтті.

Мерекелік шара ауданымыздың 95 жылдығына орай дәстүрлі әншілер шеруімен жалғасты. «Ұлттық тағамдар – ұлт мақтанышы» атауымен ет, қарынбүрме, ұн, қуырдақ, үлпершек, өрме тәстік, қымыз-қымыран, көмбе, бауырсақ және т.б. тағам түрлерінен жәрмеңке өтті. Дүйім жұрт ұлттық тағам түрлерінен дәм татып, ризашылықтарын білдірді.

Сәуір-шілде айларында өтетін фестивалдің басты мақсаты – ұлттық дәстүрді насихаттап, өңірдің туристік әлеуетін арттыру мен рухани құндылықтарды нығайту.

**Аудан әкімінің
баспасөз қызметі.**

«Қариясы бар үйдің- қазынасы бар»



Жақында Созақ ауданының қасиетті жеріне облысымыздың барлық аудандарынан ардагерлер Кеңесінің төрағалары мен аудандық ішкі саясат бөлімінің басшылары табан тіреді. Мәртебелі қонақтарды аудан әкімі Мұхит Тұрысбеков, аудандық ардагерлер кеңесінің төрағасы Қабылбек Еспенбетов «Одаман» асуынан қарсы алды. Олар әуелі Бабатаға соғып, зиярат етті. Меймандарға бұл жерде қымыз, қымыран, бауырсақ ұсынылып, Созақтың ұлттық астарынан дәм татқызды. Аудан әкімі М. Сексенбайұлы ауданда атқарылып жатқан жұмыстар мен алда атқарылар шаруалар жайлы айтып берді.

Келген қонақтардың жүзінен сырлы Созаққа деген ерекше ықыластарын айтпай-ақ ұғынғандай болды. Араларында бұрын мұнда ат басын мүлде бұрмаған кісілер де бар екен. Олар бұл елге деген бойларындағы өзгеше ыстық ықыласты көзқарас қалыптасып жатқандығын көздерінен аңғарды.

Қонақтар Ысқақ бапқа зиярат еткеннен кейін Шолаққорғанды бетке алды.



Әуелі аудандық «Мыңжылқы» мәдениет сарайының фозсінде қойылған ұлттық қол өнер бұйымдарының көрмесін көріп, тамашалады. Осында құмкенттік «Ақ әжелер» тобы келген қонақтарды әсем әнмен қарсы алып, әуелете ән шырқап, келушілердің көңілін көкке көтеріп, жүздеріне нұр ұялатты.

Бұдан кейін семинар-кеңеске қатысушылар, ауыл-ауылдардан келген мектеп директорларының тәрбие жөніндегі орынбасарлары, Шолаққорған ауылының тұрғындары, БАҚ өкілдері облыстық жастар театрының «Ананың туған күнінде» деген қойылымды көрді. Бір отбасының өміріне құрылған спектакль өзінің шынайылығымен, дәл қазіргі өмірден алынған оқиғасымен көрермендерге ерекше әсер етті. Қойылым үстінде кейбір көрермендер аянышты тағдырға ерекше толқып, көз жастарына ерік берді. Жастардан құрылған өнер ұжымы ролдерді шынайы шығарумен көрермендер көңілінен шықты. Дуылдата қол соғып, жиналған қауым ризашылығын білдірді. Тәрбиелік бағытта жасалған жоба алғаш рет Созақ ауданы

жұртшылығына ұсынылып отыр екен. Көрермендер қойылымынан өте үлкен сабақ боларлық әсер алғанын байқадық. Облыстық ардагерлер Кеңесінің төрағасы Жеңісбек Мәуленқұлов сахна төріне көтеріліп, жастар театры актерлеріне ризашылығын білдіріп, шығармашылық табыс тіледі.

Бұдан соң облыстық семинар-кеңес өз жұмысын бастады. Семинар кеңесті Ж.Мәуленқұлов ашып, бұл шараның мәніне тоқталды. Аудандық ардагерлер кеңесінің төрағасы Қабылбек Еспенбетов баяндама жасап, аудандық ұйымның атқарылып жатқан жұмыстарына шолу жасады. Аудан әкімінің орынбасары Ақәділ Сатыбалды жиналғандарды өтіп отырған шарамен құттықтап, ардагерлердің жастар тәрбиесіндегі игі істеріне сәттілік

тіледі. Облысымыздың аудандарынан келген ардагерлер ұсыныс-пікірлерін ортаға салды. Келген қонақтарға аудан орталығындағы «Іңкәр» дәмханасында арнайы дастархан жайылып, ас мәзірі ұсынылды. Дастархан басында аудандардан келген ардагерлерге қонақжайлық пейілмен Теріскейдің ыстық меймандостығы жасалды. Аудандық мәслихаттың хатшысы Ордабек Жәмиев, Түркістан облысының Құрметті азаматы, еңбек ардагерлері Сексенбай Тұрысбеков, ауданның Құрметті азаматы, Шолаққорған ауылының ардагерлер Кеңесінің төрағасы Бүркіт Арынбеков және аудан-аудандардан келген ардагерлер сөз сөйлеп, игі шараға тілектерін айтты. Ауданның өнерпаздары әуелете ән шырқап, жиналғандардың көңілін көтерді.

Түскі астан кейін семинар кеңеске қатысушылар аудандық тең қоғам мекемесінде болып жұмысымен танысты, сондай-ақ ардагерлер үйін аралап аудандық ардагерлер кеңесінің ұлттық тағамдар қойылған дастарханынан дәм ауыз тиді. Аудандық ардагерлер

кеңесінің іс-қағаздарын көріп, үлгі аларлықтай игі істер көп екендігін көңілдеріне түйді.

Алыс аудандардан келген ардагерлер С.Қожанов атындағы өлкетану музейіне барып, экспонаттармен танысып, үлкен әсер алды. Созақтың тарихынан сыр шертетін мұражайдың жұмысын ерекше ықыласпен аралап көрді. Музей директоры Ниязәлі Дүйсенбек пен музей қызметкері Гүлнәр Өмірбек барлық көне жәдігерлердің тарихына тоқталып, аралатып жүріп, көне жәдігерлермен таныстырды. Алыс-жақыннан келген қонақтар Созақ елінің меймандостығына, қазақы қаймағы бұзылмаған ізгі ықылас-пейіліне үлкен ризашылықтарын білдірді.

Ақсақалдар батасын беріп, жасалып жатқан жұмыстарға ризашылықтарын білдіріп, семинар-кеңестен жоғары әсер алғандарын жеткізді.

Келген меймандарды аудандық ардагерлер Кеңесінің төрағасы Қабылбек Еспенбетов, аудан ардагерлері ақ жол тілеп, шығарып салды.

Сәрсенбек ТЕҢІЗБАЕВ.



Рәміздер-рухымның киесі мен иесі

1992 жылдың 4 маусымы-тарихи күн. Сол кездегі Республика жоғарғы Кеңесі Тәуелсіз Қазақстан Республикасының мемлекеттік Туы мен Елтаңбасын бекітті. Жер бетіндегі мемлекет атаулының қай-қайсында да мемлекетінің белгісі-рәміздері болып табылады. Терминнің дұрыс пайдалануына байланысты 2007 жылғы 21 мамырда Қазақстан Республикасының Конституциясына өзгерістер мен толықтырулар енгізілгенде «нышандар» деген сөз «рәміздерге» ауыстырылады.

«Рәміз» деген сөз грек тілінде «символ» деген мағына үстейді. Рәміз-философия мен психология өнерінің ең басты дәрежелерінің бірі. Көптеген елдерде мемлекеттік рәміздер жалпы ұлттық және біріктіруші күш ретінде ұғынылады. Рәміздер діни, партиялық, рулық бөліністерінен биік мәртеге ие.

Қазақстан Республикасының мемлекеттік рәміздері- Ту, Елтаңба және Әнұранның сипаттамалары және ресми пайдалану тәртібі конституциялық «Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік рәміздер туралы» заңмен белгіленген. Бұл заң Қазақстан Республикасы рәміздерінің 15 жылдығына орай- 2007 жылдың 4 маусымында күшіне енген болатын.

Жас мемлекеттің рәміздерін жасауға бүкіл Қазақстанның халқы атсалысты. Оған сол кезде жарияланған байқау куә. Мемлекеттік рәміздер эстетикалық талаптармен бірге, тарихи, экономикалық, саяси мәні анық айықталған шешімді табу қажет болатын.

Ту бейбіт кезде құрметпен сақталып, ол тек жаугершілік кезінде шығарылып отырған. Тудан айырылу-өліммен тең болған. Көне заманда ұлы дана бабаларымыз Төле би, Әйтеке би Ордабасында кездескеннен кейін Әбілқайыр хан үш жүздің басын қосып Бөгенбай батырға қазақтың туын ұстатқан.

Мемлекетік Туымыздың авторы- еліміздің өнер қайраткері Шәкен Ниязбеков. Жалауды айқындайтын элементтердің бірі-оның түсі. Көк түсті таңдалуы кездейсоқ емес, ол-адалдықтың, мінсіздіктің және сенімділіктің белгісі. Бірлікпен бірге көк түс барлық елдердің тыныштығы мен ырысын білдіретін бұлтсыз аспанды еске алады. Аспандай ашық көк түс, қазақстардың ұлттық түсі. Өйткені көшпенді қазақтар үшін табиғат, мекендеу ортасы ғана емес, сонымен қатар өмірінің ажырамас бөлігі болатын. «Көк» сөзі ежелгі түріктердің тілінен аударғанда «Шығыс» деген мағына білдіреді. Геральдистердің сөзіне сүйенетін болсақ, Қазақстан жер шарының шығысында орналасқан, ежелгі шығыс мәдениетінің қасиетті екенін. Туымыздың ортасында шұғылалы күн оның ас-

тында қалықтап ұшқан қыран бейнеленген тік бұрышты көгілдір түсті мата. Сабының тұсында ұлттық өрнектік жолақ түрінде нақышталған. Күн бейнесі-шекарамыздың бұзылмайтындығын бейнелейді. Шексіз далада ұшқан қыран, ою-өрнек еліміздің ұлттық жиынтық белгісі. Күн, оның шұғыласы, қыран және ұлттық өнер бейнесі алтын түстес.

Бүгінгі Елтаңбаның иелері сәулетшілер Жандарбек Мәлібеков пен Шот-Аман Уәлиханнның Мемлекеттік Елтаңбасының негізіне шаңырақ алынған. Шаңырақ әлемнің біртұтастығын, мемлекеттің бастауы, отбасы ошағын бейнелейді. Дөңгелек-шығыс халықтарының байырғы дүние танымына етене жақын, өйткені бұл нысан өмір шексіздігінің белгісі. Шаңырақты айнала күн сәулесіндей тарап уықтар шаңшылған. Олар- мамыражай шуақты өмірмен мейірім-шапағат жылылықтың белгісі. Оң жағы мен сол жағында аңыздардағы қанатты пырақтар бейнесі орналастырылып, жауға қарсы күресте арыстанның үрейсіздігін, өгіздің күші мен қуаттылығын, маралдың жылдамдылығын, түлкінің қулығын білдіреді. Тұлпардың алтын қанаттары-астықтың, тоқшылықтың және материалдық ырыс-несібенің белгісі. Елтаңбаның ортасында бес бұрышты көлемді жұлдыз- біздің жүрегімізбен құшағымыз барлық бес құрылық өкілдеріне ашық деген сөз.

Осы күнгі мемлекеттердің әрқайсысының өзінің ұлттық Әнұраны бар. Олардың бәрін «көру, есту, түсіну дегеніміз-табиғаттың ең тамаша сыйы»-деген екен ұлы ғалым Альберт Эйнштейн. Қазақстан Республикасының Әнұраны әр адамға зор рухани әсер ететін күш. Қазақстан Республикасы мемлекеттік әнұранының негізі- ол халық арасында кең тараған «Менің елім» атты патриоттық өлең. Әнұран- халық жүрегінің соғуы, армандардың тас-түйін, қорытпасы. Әнұранның авторлары- Шәмші Қалдаяқов (әні), Жүмеке Нәжімеденов және Нұрсұлтан Назарбаев. Әнұран ресми рәміз ретінде, Қазақстанның болашағы мен өзінің болашағына сенетін қазақстандықтардың ортақ рухани қазынасына айналып кетті.

Қазақстан Республикасының мемлекеттік Туы мен Мемлекетті Елтаңбасының эталондары Президент Резиденциясына сақталады.

Рәміздер- бұлар біздің еліміздің, Қазақстанымыздың, яғни Республикамыздың бет бейнесі, біз үшін биік, біз үшін қастерлі. Қазақстанның әрбір азаматы оларды құрметтей, қастерлей білуі қажет деп ойлаймын.

Мақсат ҚАРФАБАЙ.

Тұғыртас-тұтастығым мен төл тарихымның таңбасы

31 мамыр-Қуғын-сүргін құрбандарын еске алу күніне орай Созақ ауданында Республикалық «Жеті жарғы және Қожаберген жырау» халықаралық қайырымдылық қоры мен Созақ ауданы әкімдігі бірлесе ұйымдастырған үлкен қайырлы шара ұйымдастырылды. Онда кешегі қалмақ-жоңғар шапқыншылықтарында елімізді, жерімізді жат қолынан қорғау жолында шейіт болған бабаларымыздың рухын ел есінде мәңгілікке қалдыру мақсатында «Елім-ай» әні дүниеге келген қарт Қаратаудың қия бет бөктерінде үлкен тұғыртас орнатылып, бүгінгі айтулы күні сол естерткіш тұғыртастың ашылуы болды. Ашылу дегеннен гөрі мәңгілік еске алу жадылық шарасы десе болатын шығар. Аталмыш шараға аудан әкімі Мұхит Тұрысбеков, «Жеті жарғы және Қожаберген жырау» халықаралық қайырымдылық қорының басшысы, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, профессор Бекет Тұрғараев, Мемлекеттік сыйлықтың иегері, ақын Иранғайып Оразбаев, «Ардагерлер ұйымы» Республикалық қоғамдық бірлестігі орталығы төрағасының орынбасары, академик Әмірзақ Озғанбаев, журналист Жарасбай Сүлейменов, облыстық иәдениет және туризм басқармасының басшысы Әзімхан Қойлыбаев, Түркістан облыстық ардагерлер кеңесінің төрағасы Жеңісбек Мәуленқұлов және тағы басқа азаматтар қатысты. Тарихымыздың өткен шежірелі, қара дақты кезеңдерінен деректер келтіре отырып, бүгінгі шараның жас ұрпақ алдындағы мәні мен мағынасы туралы оралымды ойлар ортаға салынды. Тұғыртастың ашылу салтанатында жергілікті ақын Мақсат Қарғабайдың «Елім-ай» әніне арнап жазған арнауын «Мың-



қойылған көктас» дегеніндей ашылған сәттен бастап қасиетті орынды қастерлеп ұстау сізбенен бізге асақ аманат болғалы тұр. Өйткені, ұлылар рухына тағзым ешқашан толастамақ емес. Ал тікесінен тік тұрғызылған тұғыртаста: **«Ақтабан Шұбырынды, Алқакөл сұлама» атанған «Елім-ай» дастанына 300 жыл.**
Елім-ай»
«Қаратаудың басынан көш келеді, Көшкен сайын бір тайлақ бос келеді.
Ел-жұртынан айырылған жаман екен,
Екі көзге мөлтілдеп жас келеді...»
Халқымыздың ең бір қасіретті кезеңінен шерлі шежіре шерткен туының даңқты батыр, әскери қолбасшы,

нан «Елім-айлап» басталған қаралы көшті, Отан үшін шейіт болғандардың тағдырын арқау еткен дастанды мәңгі есте қалдыру мақсатында орнатылды.

«Жеті жарғы және Қожаберген жырау» халықаралық қайырымдылық қоры»

2023 жыл» деп жазылған.

Ер есімдері ел есінен ешқашан өшпек емес!

Тұғыртас тарихымның таңбасындай

«Елім-ай» дастанына 300 жыл (1723-2023 жылдар)

*«Қаратаудың басынан көш келеді, Көшкен сайын бір тайлақ бос келеді.
Ел-жұртынан айырылған жаман екен,
Екі көзге мөлтілдеп жас келеді»*

*Жұдырық боп бар қазақ жұмылады,
Жоңғарыңа жабыла құнығады.
Халқымның бірлігінің арқасында,
Сұм дұшпанның желкесі де жұлынады.*

*Сұр найза сұм жоңғарға сұғынады,
Елімді шабам деген жебірлердің,
Маңдайы қара тасқа ұрынады.
Соның бір куәсіндей бүгін міне,
Қарсы алдында тұр емеспе тұғыр әні!*

*Куә оған қарт Қаратау баурайы да,
Куә оған Сарыарқаның жайлауы да.
Куә оған өзен, көлі, бұлты, аспаны,
Сайын дала, сахарасы бар аймағы.*

*Есігімнен енді де егеменім,
Төрезем де өзге елмен теңелгенім.
Ауызбірлік, Ынтымағым арқасында,
Бар бақытқа бүгінде кенелгенім.*

*Өсетін ел өткенін ұмытпайды,
Дәріптейді, еске алып ұлықтайды.
Алайда бүгінгі бұл тұғыр тасым,
Қара ниет, қапас күнді құлыптайды.*

*Шер заманда шейіт болған бабаларым,
Егемендік емес пе еді бар арманың.
Сол күн туды бүгін міне Теріскейде,
Төбіреніп жатсыңдар ма данала-*



жылқы» мәдениет үйінің дәстүрлі әншісі Елдос Жүсіпов орындады.

Тұғыртастың үстіндегі ақ жамылғы сыпырылып түскен сәттен тұғыртас қарт Қаратаудың қойнауынан ғасырлардан бері жасырған тарихтың ұлы құпиясын әйгілегендей сайын сахараға ойлы көзбен көз салып тұрғандай әсер берді. Ендігі уақытта ары бері өткен жолаушылар болсын, арнайы келген тағзым етуші азаматтар болсын, елге келген меймандар болсын алдымен тұғыртасқа тәу етіп барып босағадан аттауды дәстүрге айналдырары бек мүмкін. Алаштың арда шайыры Иранғайып ақын айтқандай «бұл жай тас емес, жалпы қазақ ұлтының барша өткеніне

ұлы жырау Қожаберген Толыбайұлынан бізге зарлы заманның шындық шырағы болып жетті.

1723 жылы елімізге бүйірден қадалған шаншудай жоңғар шапқыншылығының түпкі зымыян ойы қазақ халқын елінен, жерінен айырып, мәңгілікке жойып жіберу болатын. Халқымыздың біртұтастығы мен ауызбіршілігінің арқасында зұлымдыққа, шектен шыққан жауыздыққа жол бермеді. Ұлт тағдыры қыл үстінде тұрған қилы кезеңнің тарихы ел жадынан өшпей, ұрпақ санасында сақталып, әрдайым жаңғырып отыруы тиіс.

Бұл тұғыртас Қаратаудың басы-



Ассалаумағалейкум асыл халқым, Бүгінгі күнің сенің нұрлы жарқын. Ел болып ерттеп мініп ереуіл ат, Шартарапқа жетіп жатыр асыл даңқың.

Ақтабан шұбырынды қазақтағы, Аз болмаған қазаққа азаптары. Елім-айлап еңірегем алашым-ай, Үш жүз жылға толыпты зарлы әні.

Ол заманда болмапты елге сұрау, Артың жар, ал алдың да терең шыңрау. Елдің мұңын жырлапты сұр заманда, Толыбайұлы Қожаберген ұлы жырау.

рым. Рахмет! Өткенді елегендер, Бірлік үшін маңдайлары терлегендер.

Ынтымағың іргеңде мәңгі жатсын, Еркіндікті қалайтын ел, ерлеген ел!

Өшпесін ел есінен ерліктерің, Өрлесін күннен күнге теңдіктерің. Бір аунап түскен шығар рухтарың, Жаңарсын жылдан жылға елдіктерің!

Мақсат ҚАРҒАБАЙ, Қазақстан Жазушылар Одағының мүшесі, ақын.

Күнге тотыққан сары жүзі алаулаған Төлен аға біздің көшті түс әлетінде тау баурайына іліктірді. Көк МТЗ-80 тракторын тізгіндеген Төлен аға қашанда күлкі мен әзіл әңгіменің көмбесі. Анау айтқандай аса әңгімешіл, қатырып айтар қалжыңы болмаса да өзі қатарлы замандастары Жалғас, Мейрам, Жақанның ортасында болған қызықты әңгімелерді айтып, ішек-сілеңді қатырады. Әр кәсіптің өзінің қызығы мен шыжығы болады. Совхоздың жұмысы түгесіген ба? Жыл он екі ай тыным жоқ. Ол уақытта механизатор мамандығына шыдағанның шыдағаны ғана баратын. Біз бала болсақ та,

сталды. Қатты жел тракторын шайқап келеді. Еңістен екінші жалға еңтіге өрлей бергенде тракторының моторы «қыңқ» деді де өшіп қалды. Айнала жан жоқ. Қыстауға дейін әлі бес шақырымдай жер бар. Қалың қолғабын киіп, қылақшыныңың қылағын түсіріп, бауын байлап алып трактордың кабинасын ашты. Трактордың ішінде отырғанда тыстағы боран онша емес сияқты көрінгендей еді. Жоқ. Доль боран мінезіне әбден мініп алыпты. Бірде төменнен, бірде жоғарыдан тіпті төбесінен ұрдай жұлқынады. Төлен трактордан секіріп түсіп, трактор моторының бір-екі жерін шұқылап,



Жүрген жерінде жағдайы нашар отбасыларға жанашырлық танытып, қолынан келсе жәрдемін беріп жүреді. Қайсыбір жылы ауыл ортасындағы көктем-күз лайсаң болып, жаяу жүргіншінің жолын қиында-тып тұрған уақытта өз күшімен көпір салып берді. Мұсылмандықта көпір салған адамға Жаратқанның берер сауабы мол дейді ғой. Төлен осындай қайырымды да кішіпейіл жан. Ол ісін жария етуге де құлықсыз. Бар болса тасымалытын, жоқ болса жасымалытын біртоға азамат. Мен Ф.Энгельс атындағы совхозда бас зоотехник болып бірнеше жылдар қызмет атқардым. Сол жылдары фер-

Қырық төрт жыл трактор тізгіндеген

совхоздың шофер-механизатор, шопан-малшы қауымының ауыр да, зор күш пен жігерді, шыдамдылық пен сабырлықты қажет ететін мамандық иелері екенін көріп, біліп өстік. Өйткені көкем пәленбай жыл совхоздың малын бақты. Ал малшы қауыммен механизатор-шоферлар тығыз байланыста, бір-бірінің күндері жоқ.

-Осы тұс, киіз үй тіккенге ыңғайлы екен,-деп шалғыны тербелген көк майсаға Төлен аға жаян тартты.

-Қазір сіздердің үйлерді түсіріп болған соң, өзіміздің ферманың қойшыларына кетемін деді. «Өзіміздің» деп отырғаны совхоздың №2 фермасы. Бізді көшіруге келген, өз фермамыздың тракторшысы Жарылқасынның көлігі бағана әлгін оталмай қалған. Күндікке ары-бері әр жерін шұқылап, болдыра алмаған соң, осы Төлен ағаны шақыртыпты. Біз білетін Ф.Энгельс атындағы совхозда «Құрмет белгісі» орденді Лайықов Жалғас, Атабаев Мейрам, Жарылқасын, Қоңқабаев Дархан, Наурызбаев Төлен, Нарымбетов Үсен, Төлешов Құрбан, Әкішов Болат, Қалдарбеков Аман, Қалданов Нұрлыбай, Төлегенов Өтеген, Тілеуов Әсен сияқты маңдайалды механизаторлар болды. Жылдың қай мезгілі болмасын ауылдың таңғы «тыныштығын», трактор пускатарының атықтай шыққан дауысы кәдуілгі мешіт азаншысындай бүкіл ауылды оятатын. Алдымен дар етіп барып бірер минутқа жетер-жетпес уақытта мотордың үні қалыпты даусынан түскенін үйде жатып біліп жатамыз. Қыстың аязды күндері мұздай темір, мұздай рол, мұздай орындық, терезесін қырау басқан тракторына отырып ферма басшыларының жұмсаған жағына кете баратын.

Қайсыбір жылы қатты бір қыс болды. Алдымен қара суық азынап, төменнен тұрған ызғырықтың соңы қалың түскен қарлы боранға айналды. Әп сәтте бүкіл совхоздың шопандары әбіржіп шыға келді. Жылда өздері көріп жүргендей түске дейін қар жауып, артынша түс қайта еріп, қыстың балталғанынан «хабардар» болып етек-жеңін біртіндеп жиып үйреніп қалған қойшылар үшін ә дегеннен басып қалған қалың қар зор қиындық тудырды. Ферманың сонау түкпірінен бастап майда туралған жоңышқаны тасымалдап, отар-отарды біртіндеп қамдап келе жатып, соңғы 2-3 отар қалғанда бұл тракторшылар үшін қиын болды. Төлен әдеттегідей сол күні совхоздың «Көліктегі» шөп базасынан жем-шөп артып алып құмды бетке алды. Құмның жиегіне ілігер тұста көз аштырмас боран ба-

қолмен оталдырып көрмекші болды. Мінезді боран арқырай соғып, аппақ қардан, ұйтқи соққан, үйіре соққан желден ештеңе көрінер емес. Төлен тракторына қайта отырды. Қараңғы түспей алдағы шопанның қыстауына жаяу да болса жетіп алуы керек. Түнге қалып кетсе, кім біледі? Адасып кетуі де мүмкін? Төрт аяқты тұз тағысы тағы бар. Оның үстіне бұл жол, негізгі күре жолдан бұрыс. Бұл жерге әдейілеп арнайы көмек шақырылмаса ешкім келмейді. Ал арнайы көмекке шақыра қоятын рация жоқ. Не де болса, жаяу тарту керек. Әбден қара жолда жүріп, жер жағдайы көз таныс болып қалса да, қазіргі жағдай бөлек. Иә, сол жолы бес шақырым жолды бір сағаттай жүріп малшының үйіне әзер жеткені есінде. Қалың боранның арасынан малшының ала төбеті үргенде туған үйіне жеткендей шын қуанғаны әлі

Дүйсенов, Уәлихан Өтжанов, Тынысбек Асанов, егіс бригадирлері Қуандық Масаев, Мәдіхан Байғонон сияқты аға бун азаматтардың көзін көрдім. Шаруашылықтың дамуы мен өркендеуі жолында елге, халыққа жаманды-жақсылы қызмет еттім. Елден алғыс, бата, жақсы сөз алуға, естуге тырыстым,-дейді Төкең ағанын жарылып. Расында Төлен ағамыз айтып отырғандай қарапайым тракторшы қызметімен біршама биік белестерді бағындырды. Совхоздың тынымсыз тірлігі қалай қажытпады екен. Жаз болса Шудың бойынан, Қамқалы, Сарысу, сонау Шардара ауданындағы совхоздарда маса мен қара шыбынға таланып үш ай бойы шөп ору. Тау мен құмнан шөп тасу, көктемгі егіс жырту, себу мен ору, тасу осының бәрі де оңай емес.

Ерен еңбек-ай десеңізші. Қазір қарап отырсаң бүгінгі жас-

лен 1948 жылы 1 қыркүйекте Шымкент облысы, Созақ ауданы Раң ата ауылында дүниеге келген. 1956 жылы осы елді мекендегі 4 жылдық бастауыш мектептің табалдырығын аттайды. 1964 жылы Ф.Энгельс атындағы совхозға қарасты Панфилов атындағы орта мектептің сегізінші класын бітіріп, 1964 жылы Созақ ауылындағы кәсіптік техникалық училищені механизатор мамандығы бойынша оқуға қабылданып, 1967 жылы бітіріп шығады. Сол жылдан бастап 2011 жылдың қыркүйек айында дейін үздіксіз 44 жыл механизатор болып тер төге жұмыс жасайды. 1968 жылы болашақ жары Ұлбосын Төлеуішқызымен көңіл жарастырып отбасын құрайды. Ұлбосын Төлеуішқызы 1949 жылы 20 шілдеде Сарыжаз ауылында дүниеге келген. Медбикелік арнаулы білімі бар. Қарақұр ауылдық ауруханасында зейнеткерлікке шыққан-

мада механизатор болып қызмет істеген Төлен жұмысына адал болды. Берілген тапсырмаларды қасына қосшы қоспай-ақ өзі сенімді атқара беретін. Небір табиғаттың аласапыран сәттерінде алыс-жақыннан іс сапарларға жұмсасақ тапсырманы мүлтіксіз орындайтын. Техникасы әрбір рейске әзір тұратын. Техникасына ұқыпты болды. Сапардан орала салысымен келесі сапарға тракторын тазалап, жөндеп, айнадай етіп жарқыратып қоятын. Олар өмірдің сыны мен талқысынан өткен тәжірибелі мамандар болатын,-дейді Созақ ауданының Құрметті азаматы Бейімбет Байғараев.

Еңбек адамын насихаттау бүгінгі күні мемлекеттік деңгейде барынша жүзеге асырылуда. Жастар ауыл шаруашылығына оның ішінде мал шаруашылығына, механизацияға, зооинженер, мал дәрігері, көлік жүргізу, тракторист-машинист мамандықтарына бармайды. Ол кәсіпті жастар кемшін көретін тәрізді. Ол да еңбек адамын насихаттаудың өз деңгейінде еместігінен болса керек. Ертеңгі күні осы кәсіптерді кім қолға алады? Әрбір кәсіптің өз биігі, өз қызығы мен мақсаты, абыройы мен асқақ беделі болады. Сол себепті Наурызбаев Төлен көкеміз сияқты бүкіл өмірін мал шаруашылығын дамыту мен өркендетуге жұмсап, бүгінде зейнет қызығын көріп отырған азаматтарға көзінің тірісінде лайықты құрмет көрсетілуі керек. Нақтырақ атап айтқанда 1977, 1980, 1988 жылдары қатарынан үш рет «Социалистік жарыстардың жеңімпазы», «Он бірінші бесжылдықтың Еңбек екліндісі» атанды. Бұл атақты сол уақытта КПСС Орталық комитеті, КСРО Министрлер Кеңесі, ВЛКСМ және ВЛКСМ Орталық комитеті бекітетін. Бұл да үлкен абыройлы атақ болатын. «Стахановшы қозғалысының мүшесі», Созақ ауданының және Ф.Энгельс атындағы селолық Кеңестің бірнеше мәрте депутаты, «Еңбек озаты», «Еңбектегі ерлігі үшін» медалдарының иегері Наурызбаев Төлен ақсақалды Созақ ауданының Құрметті азаматы атағына ұсынылса дұрыс болар еді. Бұл жерде Қарағұр ауылының әкімі мен Қарағұр ауылдық округі ардагерлер кеңесі жұмыс жасауы қажет-ақ. Әрбір ауыл азаматы құрмет пен абыройға лайықты. Тек ол үшін тиісті азаматтар мен өкілетті жауапты органдар тиісінше жұмыс жасаулары керек.



есінде. Қуанбағанда ше?! Адасып кетсе не болмақ? Айдала сексеуілді құмның ішіндегі жағдайы қалай болмақ? Қыстың ұзақты түні тіпті қорқынышты.

-Ондай жағдайлар басымыздан талай өтті ғой. Советтік шаруашылықта отпуск, демалыс, санатория, курорт, қысы мен жазы деместен 18 жасымда еңбек кітапшасын алып, тракторшы мамандығын иеленген күннен зейнеткерлікке шыққанша тынымсыз еңбек етіпін. Совхоз басшылығында қызмет атқарған Ахинов, Қарахан Сартбаев, Айтбек Есенқұлов, Аманбай Иманбаев, совхоз партия ұйымының хатшылары Сексенбай Тұрысбеков, Бекен Сәдуақасов, бас инженер, Аманкелді Төреханов, ферма меңгерушілері Әбітай

тар осылай еңбек ете алады ма?! Жоқ әлде қиынсынып қалаға қарай қаша жөнеледі ме?

Социалистік жарыстың 1977, 80, 88 жылдардағы жеңімпазы Ауданның Құрмет тақтасында жарқырап сурет ілініп, есімі жазылды. ВДНХ-ның құрметті қонағы болды. Ауылдық кеңеске үш рет, аудандық кеңеске төрт рет депутат болып сайланды. Төлен ағаның ерлікті еңбек жолы туралы сол уақыттағы «Молшылық үшін» газетінің 1983 жылы 18 наурыздағы №15-ші, 1986 жылғы 3 ақпандағы №34-ші, 1989 жылғы 29 наурыздағы №39-ші сандарында және облыстық «Оңтүстік Қазақстан» газетінің 1986 жылғы 29 наурыздағы №65-ші сандарында суретімен жарияланады. Наурызбаев Тө-

леуішқызы қызмет еткен ақ желеңді абзал жан. Отбасында екеуінің Мұрат, Ақнұр, Жомарт, Марат, Айгүл, Асхат атты ұл-қыздарынан 24 немересі, 2 шөбересі бар. Қарақұрлық Төлен ағамыз бен Ұлбосын апамыздың қолында ұлы Жомарт пен келіні Қарлығаш тұрады. Жомарт пен Қарлығаштан төрт немересі бар. Төлен ағамыз сонымен қатар, қайырымдылық істермен де айналысып отырады. Қолынан келгенінше жетім-жесірлерге, отбасылық жағдайы төмен жандарға қол ұшын созуды азаматтық борышы санайды.

-Төлен ініміз жастайынан қиыншылықты көп көріп, жетімдіктің ащы дәмін ерте татқан жігіт. Өмірді сол себепті де қадірлеп, парқын ұға біледі.

Мақсат ҚАРҒАБАЙ,
Қазақстан Журналистер одағының мүшесі.

ТЕГІН ақысыз жүргізілетін ветеринариялық- профилактикалық қызметтер тізімі

1.Жұқпалы ауруларға алдын ала профилактикалық екпе егу:

Мік малдарға: құтыру, аусыл, лептоспироз, листериоз, пастереллез, сібір жарасы, қарасан, нодулярлы дерматитке қарсы егу, туберкулезге тексеру.

Майда малдарға: құтыру, аусыл, лептоспироз, листериоз, пастереллез, сібір жарасы, күл, оба, браздот, эктима.

Жылқыларға: құтыру, пастереллез, сібір жарасына қарсы егу, маңқаға тексеру;

Түйелерге: құтыру, сібір жарасы, обаға қарсы егу, туберкулезге тексеру;

Құстарға: құс тұмауы;
Иттерге: құтыру, эхинококкозға дегельминтизациялау;

Мысықтарға: құтыру;

2.Диагностикалық іс шараларға:
Мік, майда мал, жылқы, түйелерден бруцеллез т.б ауруларға тексеру үшін қан сынамаларын алу тегін.

3.Энзоотиялық іс шара (кенеге қарсы залалсыздандыру);

1.Үй іргелі қора жай және оған жапсарлас аумақтарын залалсыздандыру;

2.Бұрқу (Мік, жылқы, түйе);

3.Тоғыту майда мал (қой-ешкі);

4.Мал иірімдер,буферлік аймақтар, суаттарды залалсыздандыру;

4.Бірдейлендіру

Ауыл шаруашылығы жануарларын мал егесінің өтініші бойынша бірдейлендіру, сырғалау, сырғаланған малдарды ауыл шаруашылық дерекқор базасына енгізу.

5.Ветеринариялық анықтамаларды беру

Ауыл шаруашылығы жануарларын және жануарлардан алынатын өнімдерді тасымалдауға ветеринариялық анықтамалар форма 1,2,3 тегін беріледі.

Түркістан облысының ветеринария басқармасының «Ветеринариялық қызметі» ШЖҚ МКК-ның «Созақ» аудандық филиалына қажетті бос вакансия орындарына хабарландыру

1.Шолақорған а/о ветеринарлық дәрігер-1 орын, айлық-жалақы 140 000-160 000 мың теңге арасында;

2.Шолақорған а/о ветеринарлық дәрігер-1 орын (ақысыз демалысқа кеткен маманның орнына уақытша), айлық-жалақы 140 000-160 000 мың теңге арасында;

3.Қаратау а/о ветеринарлық дәрігер-1 орын, айлық-жалақы 140 000-160 000 мың теңге арасында;

4.Қаратау а/о ветеринарлық фельдшер -1 орын, айлық-жалақы 130 000 -150 000 мың теңге арасында;


5.Қарағұр а/о ветеринарлық фельдшер -2 орын, айлық-жалақы 130 000-150 000 мың теңге арасында;

6.Шу а/о ветеринарлық фельдшер-1 орын, айлық-жалақы 130 000-150 000 мың теңге арасында.
Байланыс тел:8-702-376-10-10
8-725-46-4-28-98

«Ветеринарлық қызмет» ШЖҚ МКК-ның «Созақ» аудандық филиалы.

Нарымбай аға жайында жазылып жатқан естеліктер аз емес. Саналы ғұмырын ұстаздық өнерге арнаған ардақты ағаның бала оқыту ісіне, ұзақ жылдар бойы оқу орнына басшылық еткені жайында айтылып жатқан алғыстар шексіз. Осы жайттардың бәрін сараптай келе мен де тағы бір рет қалам құдіретіне жүгініп, асыл ағаның ұстаздық жолы, еңбегі жайында арнайы жазғанды жөн санадым және тақырымбымды да «Нар аға - Ұстаз аға», - деп атағанды дұрыс санадым.

Мен қазіргі таңда тарихы терең, Ұлысымның ұйытқысы саналатын Оңтүстік өлкесіндегі қасиетті қарашаңырақтың бірі, ұстаздар ұстаханасы саналатын Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық университетінде оқытушы ғалым болып еңбек етемін. Бұл жағдайды айтып жатқан себебім менің Нарымбай ағам да осы қасиетті қара



Нар аға-Ұстаз аға

шаңырақтың мақтан тұтар түлегі.

Біздің қарашаңырақ әркез өз түлектерімен де мақтанатын оқу ордасы. Тәуелсіз Қазақстанның Еңбек Ері, ақиық ақын Мұхтар Шаханов, ғажайып лирик ақын Исраиыл Сапарбаев, жазушы М.Қаназов, арабтанушы ғалым, ҚР бас муфтиі қызметін абыроймен атқарған Ә.Дербісәлиев, белгілі ақындар Х.Есенқараева, нәзік нақышты суреткер ақын Н.Бегалиев, Ә.Аймақ, Ә.Ысқақ, айтыскер ақындар А.Леубаева, М.Есжанова, А.Жаппарқұлова, т.б. университетміздің мақтан тұтар шәкірттері.

Біздер, бүгінгі күні сағынышпен еске алып, естелік райындағы толғау жазбамыздың бас кейіпкері болып отырған Нарымбай Өмірбекұлы Жораев-біздің университет түлегі және бар ғұмырымызға ұрпаққа білім беруге арнаған, ұзақ жылдар бойы мектеп директоры болып аса зор жауапкершілікті, ел аманатын арқалаған аса аяулы тұлға.

Нарымбай Өмірбекұлы Жораев (1956-2022) қазіргі Түркістан облысының Келес ауданына қарасты Аманшар ауылында дүниеге келген, көп уақыт өтпей ата-анасы өздерінің атақонысы болып саналатын сырлы Созақ, шежірелі Қаратау өлкесіндегі атақты Ақсұмбеге 1962 жылы қоныс аударады. Жас өрен, білімге құмар ол 1963 жылы Ақсұмбе ауылындағы Ворошилов атындағы бастауыш мектептің (қазіргі Сұлтанбек Қожанов) табалдырығын имене аттанды. Бастауыш мектепті бітірген ол 1967 жылы сол кездегі совхоз орталығы Қаратау елді мекеніндегі Панфилов орта мектебінде білім алады, аталған мектепті өте жоғары деңгейде, үлгілі тәртіппен 1973 жылы ойдағыдай аяқтады. Еңбек жолын туған ауылында жұмысшы болып, одан әрі замана талабына сай Отан алдындағы әскери борышын өтеп қайтты.

Мектеп қабырғасында жүрген күндерінің өзінде білім мен ғылымға, әсіресе тарихтану әлеміне қатты құштар Нарымбай жоғары оқу орнына түсуді алдына басты мақсат етіп қойды. Осы мақсаты, биік арманы жетелеген өрен 1977 жылы сол кездегі М.Әуезов атындағы Шымкент педагогика институтының тарих факультетіне оқуға түсіп, оны 1982 жылы тарихшы мамандығы бойынша үздік дипломмен бітіріп шықты. Талантты, білімді студент өз достарының алдында абыройлы болды. Жоғары білім алған ол ұстаздық саладағы еңбек жолын Түркістан ауданындағы Қызылжар орта мектебінде тарих пәнінің мұғалімі болып бастады. Іскер, ұйымдастырушылық қабілеті зор, ең бастысы өз мамандығын жетік білетін жас маман көп ұзамай Қызылжар мектебіндегі таңдаулы мұғалімдердің біріне айналды, оқу ісінің меңгерушісі болып тағайындалды. Бұл қыз-

метті абыроймен атқарған жас ұстаз 1987 жылы тамыз айында Созақ ауданы Қаратау совхозына қарасты Ақсұмбе ауылында 8 жылдық мектептің ашылуына байланысты отбасымен Ақсұмбеге көшіп келді. Ұстаздық қызметін туған елінің төрінде жалғастырды. Жаратылысында жаны таза Нарымбай Өмірбекұлы ұзақ әрі мағыналы ғұмырында қатардағы оқытушылық қызметтен 1995-2013 жылдар аралығында С.Қожанов атындағы орта мектебінде директор қызметін, 2013 жылдың 15 ақпаннан бастап Макаренко атындағы жалпы орта мектебінің директоры қызметін 2019 жылы құрметті демалысқа шыққанға дейін абыроймен атқарды.

Ұзақ жылдар бойы ұстаздық қызметі бағаланды, 2011 жылы М.Әуезов атындағы ОҚМУ-нің Алғыс хаты, 2011 жылы Оңтүстік Қазақстан облысы әкімінің Алғыс хаты, 2012 жылы Созақ ауданы әкімінің білім бөлімінің Алғыс хатымен, «Нұр Отан» партиясы ОҚО филиалының, «Нұр Отан» партиясы Созақ аудандық филиалының Алғыс хаттарымен марапатталған.

2022 жылдың 5 тамыз күні 66 жасқа келген ардақты аға мәңгілік мекеніне сапар шекті. «Ғалымның хаты өлмейді, жақсының аты өлмейді» деп өткен бабаларымыздың аманатына адал біздер аға туралы естелік жазуға ерікті, еріксіз қалам алдық. «Дүркін, дүркін, дүние шіркін, өтеді бір күн» боларына көнесің, сенесің.

Мен үшін Нарымбай аға аса қымбат жан еді. Аға дос болды. Қадірлі аға деп құрмет тұттым. Ең бастысы Ұстаздық жолдағы үлгі тұтар ұстаз аға болды. Бір сөзбен айтқанда аты алтын әріппен жазылатын Ұстаз аға болды.

Нарымбай аға жайлы толғаныстарымызды ұстаздық өнермен сабақтастыруды мақсат тұттық. Ойымызды да сол арнаға қарай бұрғанымыз абзал болар. Нар аға 66 жыл ғұмырының 40 жылға жуық (37 жыл) кезеңін ұстаздыққа арнады. Түркі әлемінің төріндегі Түркістан мен бар қазақтың алтын ордасы болып саналатын Созақ еліндегі білім беру мекемесі болып саналатын алтын ұя мектептерді бала оқытты, шәкірт тәрбиеледі. Ол ұлы ақын, хакімдік қасиеттің төрінде тұрған данышпан Абайдың:

Ақырын жүріп анық бас,
Еңбегің кетпес далаға.
Ұстаздық еткен жалықпас
Үйретуден балаға,- деген өсиетіне адал болды.

Саналы ғұмырында ақырын жүріп, анық басты, ұстаздық етуден жалықпады, бала оқыту биік мұрат тұтты.

Аға жайындағы жазбаларды оқып, көңілге тоқып отырғанда көп естеліктерде айтылатын, хатқа түскен құнды дүниелердің дені ардақты

ағаның ұстаздық қасиетін көрсетуге арналыпты. Сол себепті де біз осы бағыттағы кейбір тілектерді жаңғырта отырып ояға ой қосқанды дұрыс деп санадық. Алғашқы кезекте ағаның аяулы шәкірттерінің жазбаларына назар аударсақ. С.Қожанов мектебінің талантты түлектерінің бірі Қанағат Садуахасов өзінің «Шәкірт жүректің ізгі тілегі» деп аталатын естелігінде былай деп тебіренеді: «Мен Нарымбай ағайды бала күнімен тарих пәнінің мұғалімі ретінде білемін. Сабақ түсіндіргенде әншейінде улап-шулап отыратын сынып іші сілтідей тынып, ағайдың аузына қарап ұйытынбыз. Басқа мұғалімдерден ерекшелігі сабақ түсіндіргенде ешқандай кітап, қосымша ақпараттық материалдар пайдаланбайтын. Тарихтағы болған оқиғаларды айтқанда ішінде өзі болғандай мүдірмей баяндайтын. Ия, кейін есе келе ағайдың керемет тарихшы

ғана емес, білікті басшы екеніне де көзіміз жетті». Шәкірт жүректің ізгі тілегі ақиқаттан аттамайды, ұстазының бойындағы білім мен даналықты қапысыз таниды, шынайы жеткізіп баяндайды.

Келесі бір ақтілек пікірді жазған Қуанышбаева Жәудір қазіргі таңда С.Қожанов атындағы шағын жинақты жалпы орта мектебінің қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі болып еңбек етеді. Ол өзінің: «Ұстаздық жолда қанатымды қатайтып еді, Нар-аға...»,- атты жазбасында: «Ұстаз - ұлағатты есім. Себебі, өз ғұмырын өзгеге арнайтын жандардың алдында хан да, қараша да, ғалым да, дарын да басын иеді.

Ұстаз шәкіртіне өмірлік азық болар тәлім-тәрбие беріп, жақсы қасиеттерді бойына дарытып, адамгершілік тұрғыда бағыт-бағдар береді. Осындай жанның бірі - Нарымбай ағай еді. Жақсы адамның ісі қашан да елге-ұлағат, ұрпаққа-өнеге. Ол кісі ұлағатты ұстаз ғана емес, іскер басшы, ел ісіне араласқан жанашыр азамат еді», - деп жазады.

Сұлтанбек Қожанов атындағы шағын жинақты жалпы орта мектебінің бастауыш сынып мұғалімі Бөріқұлақова Ботакөз өзінің «Жарқын жүзді ұстазым» атты тақырыппен жазылған естелігінде ағай жайында терең тебіренеді, еске алады: «Төрге шықса төбедей, төбеге шықса төредей, жақын мен алысты бірдей тең көрген, елінің жігері, қоғамының тірегі бола білген Нарымбай ағаймызды өлімге қию да, ендігі арамсызда жоқ дегенге сену де қиынның қиыны. Нарымбай ағай қай істе де қаймана қазағына бүйрегі бұрған аққөңіл азамат еді деп шәкірті ретінде толық айта аламын. Ағай бізге тарих пәнінен сабақ берді. Әрбір сабағын тартымды етіп өткізетіні соншалық сабақтың тез аяқталып қоятынына қынжылатынбыз. Осы кезеңдерді еске алып, ақыл елегінен өткізгенімде «Ұстаз» сөзі ұлы сөз екенін білдім». Бұл жазба да Нар ағаның, Ұстаз ағаның табиғи болмысын, дара тұлғасын, ұстаздық өнердегі қадір-қасиетін қапысыз аңдатып отыр. Жылға жуық уақыт ішінде ағамызды еске түсіретін «Нар аға» атты естелік кітап, майлы бояумен салынған үлкен портреті өмірге келді.

Қорыта келгенде қазақ поэзиясының падишасы, ақиық ақын Мағжан Жұмабаевтың: «Алты алаштың баласы басы қосылған жерде, қадірлі орын, төр - мұғалімдікі», - деп өткен ғасыр басында айтқан пікірі жадымызда, біздің ойымызда бар өмірін бала оқытуға арнаған Нарымбай Өмірбекұлының алар орны-қасиетті төр болды.

**Нариман НҮРПЕЙІСОВ,
Созақ ауданының Құрметті азаматы.
Шымкент қаласы.**

Алкогольді ішімдік ішу – әлеуметтік жағымсыз қылықтардың бірі. Маскүнемдік пен қылмыс бір-бірімен тығыз байланысты екенін бәрі біледі. Алкогольді шамадан тыс тұтыну бүгінгі күні жасалған қылмыстардың басым көпшілігінің нақты себебі немесе олардың жасалуына ықпал ететін жағдай болып табылады. Алкоголь ең алдымен адам психикасына кері әсерін тигізетіндіктен,

тұтыну деңгейі ерлер үшін жылына 25 литр, әйелдер үшін - 9 литр. Мысалы, жол-көлік оқиғалары, түрлі төбелес, жарақаттар, зорлық-зомбылық, улану, суға кету және т.б. көбіне алкогольді ішімдіктерді пайдаланудың кесірінен болады.

Сондай-ақ, еліміз бойынша соңғы ақпараттарға сүйенсек мас күйінде қылмыс жасайтындардың да қатары артыпты. Мәселен, былтыр ішімдік

нып кетуі әбден мүмкін. Психологиялық фактор, яғни адамның қоғамдағы орнымен, стресске қарсы тұра алмауы және қандай да бір жағдайда психологиялық тұрғыдан мейлінше өзін ұстай алмауынан туындайды. Ал, биологиялық жағдайына тоқталсақ, жастар болашақ ата-ана. Баланың денсаулығы, он-екі мүшесінің сау тууы маңызды. Ішімдік ішетін ата-анадан да араққа са-

теп оқушылары энергетикалық суындар, коктейльдер мен сыраны жиі тұтынады. Бұл жастар арасындағы түйткілді мәселе. Той-томалақ, жиындарда ішімдікті үнемі дастарханға қояды. Бұл маскүнем қатарының көбеюіне өз әсерін тигізеді. Мәселен, ішімдікке салынғандардың басым көпшілігі 50-60 жастағы азаматтар болатын. Қазіргі кезге қарасақ, жас мөлшері өзгерген. 28-30

Салтымызда жоқ қасіретті үрдіс

оны жағдайға сыни көзқарастан айыратындықтан, бұл қылмыстар қисынсыз және қатыгез болып табылады. Көбінесе маскүнемдік негізінде адам өлтіру, дене жарақатын салу, зорлау, ұрып-соғу, қорлау және жеке адамға қарсы басқа да қылмыстар жасалады. «Маскүнемдік деген: Ата-ана үшін ақталмаған үміт, жар үшін – жылаумен өткен ғұмыр, балалар үшін – бақытсыз балалық шақ, достар үшін – адасқан тағдыр, қоғам үшін – жоғалған адам. Не істеу керек, ішпеу керек», - деген еді. ДДСҰ зерттеуіне сәйкес, 15 жастан асқан адамдар арасында алкогольді

ішіп, салдарынан 9 200-ге жуық адам қылмыс жасаған. Ал 2022 жылы 11 мыңнан астам адам ащы суға сылқия тойып, құқық бұзушылық әрекетке барған. БҰҰ мәліметі бойынша алкогольден болатын өлім-жітім деңгейі жоғары елдердің арасында Қазақстан ондықтың қатарында. Маскүнемдіктің қалыптасуына басты үш себеп бар.

Басты себеп – отбасындағы қиындықтар. Негізгі факторлардың бірі – әлеуметтік жағдай, қоршаған орта. Егер маскүнемнің қоршаған ортасында ішімдікке құмар азаматтар көп болса, оның да ішкілікке салы-

лынған бала тәрбиеленеді. Бүгінгі күні арақты қойып нашақорлыққа әуестеніп жатқандар туралы деректер там тұмдап шығып жатыр. Әрине, ата-ана үшін бұл нағыз қасірет болмақ. «Тәрбие тал бесіктен басталады» десек, бірінші ата-ана өзін дұрыс жолға салып, тәрбиелеуі керек. Қазақстанда алкогольді сусындар қол жетімді болып кетті. XX ғасырдың 60 жылдары ішімдік кең тарай бастады. Оған дейін зиянды сусындар болған жоқ. Әлеуметтік жағдай жоғарылай бастаған кезде, қазіргі жастар оңай сатып алуды әдетке айналдырды. Көбінесе, мек-

жастағылар арасында ішімдікке тәуелділік көп. Соңғы жылдары қыз-келіншектер үлесі де көбейіп бара жатыр. Себебі, әйел адамның ағзасы тез үйреніседі. Әрі эмоцияға берілгіш болғандықтан ішімдік шыр-мауында қалып жатады. Ең бастысы, әр адамның өзі миымен жұмыс жасауы керек. Жас кезінен ішімдікке әуес болып, кейін 3-5 жыл ішінде толығымен маскүнемдікке салынады.

Ақылбек ДӘУРЕНБЕКОВ,
Созақ аудандық сотының
терігесі.

БЖЗҚ

Инвестициялық портфельді басқарушылар: қалай таңдау керек және нені білген дұрыс?

Біздің зейнетақы жинақтарымыз зейнетақы жарналары мен оларға есептелген инвестициялық кірістерден тұратыны белгілі. Зейнетақы активтерін инвестициялаумен ҚР Ұлттық Банкі, ал 2021 жылдан бастап инвестициялық портфельді басқарушылар (ИПБ) да айналысады. Зейнетақы жинақтарын міндетті зейнетақы жарналары (МЗЖ) және (немесе) міндетті кәсіптік зейнетақы жарналары (МКЗЖ) есебінен сенімгерлік басқарудың басты мақсаты – түрлі қаржы құралдарына инвестициялау және табыс алу.

Естеріңізге сала кетейік, 2021 жылғы қаңтардан бастап заңнамаға сәйкес Қазақстанның әрбір азаматы МЗЖ және (немесе) МКЗЖ есебінен қалыптастырылған өзінің зейнетақы жинақтарының бір бөлігін жеке басқарушы инвестициялық компанияларға сенімгерлік басқаруға беруге құқылы. Бұл құқықты зейнет жасына толмаған, МЗЖ және (немесе) МКЗЖ есебінен «ең төменгі жеткіліктілік шегінен» асатын зейнетақы жинақтары бар салымшылар, сондай-ақ, сақтандыру компанияларымен өмір бойғы аннуитеттік төлемдерді қамтамасыз ететін зейнетақы аннуитеті шарттарын жасасқан салымшылар пайдалана алады.

«Созақ үні-ақпарат»

Жарамсыз деп танылсын

Алпысбай Абылайдың иелігіндегі «Субару» маркалы автокөлігінің «KZ 099 АОМ/13» санды мемлекеттік тіркеу белгісі жоғалған. Жарамсыз деп танылсын.

Ұлыммен қоштасу

Қиын-ақ қара мұңды жамылғаным,
Тағдырым неге сонша ауырладың.
Қасиетті жұмада бір өзіңнен,
Қапияда айырылдым ғой, Фалымжаным.

Жаны жайсаң балам ау бауырмалым,
Сыздамадың кешіп азап ауырмадың.
Бір сәтке ажал жетіп айырылдым ау,
Келмеске кеттің ұлым Фалымжаным.

Келді ме сынақ болып әмір-дағы,
Тағдыр менің сыйымды тағы ұрладың.
Жалғанда сыйласып-ақ жүруші өдің.
Арманға айналдың ғой Фалымжаным.

Аман болсын алдағы бауырларың,
Сенбесің отың үйің шаңырағың.
Кенже ұлды қабылда о Тәңірім,
Кең жеріме сыя ғой Фалымжаным.

Баламды еске алу

Өтжанов Фалымжан Пернебайұлы 1980 жылы 21 мамырда дүниеге келген. 5 мамырда 2023 жылы жол апатынан дүниеден өтті. 2000 жылдан Степное өндіріс орнында үзбей оператор қызметін атқарды. Соңғы кезде Урид мекемесінде жұмысшы болып істеген. 6 баласы бар. Үлкені Әнел деген қыз бала жасы 15-те, кішісі Нұрила деген қыз бала 1 жаста. Нұрдәулет, Бақдәулет деген екі ұлы бар. Қарақат, Ақберен деген тағы екі қызы бар. Жолдасы Айгүл күміс алқа иегері.

8 маусым қонақасы, 9 маусым қырқы өз үйінде.

Өтжановтар әулеті.

Техникалық байқау дер кезінде өткізілгені дұрыс

«Түркістан облысы бойынша көліктік бақылау инспекциясы» РММ-мен (ары қарай-Инспекция) «Техникалық байқау» БАЖ бірыңғай ақпараттық жүйесі арқылы Түркістан облысының аймағында техникалық қарап-тексеру операторларының қызметін көрсететін бақылау субъектілеріне қатысты жұмыстар тұрақты түрде жүргізілуі барысында.

ҚР «Автомобиль көлігі туралы» Заңының 19-17 бабының, 1-б, 2-б (ары қарай Заң) сәйкес, бақылау субъектісіне (объектісіне) бармай профилактикалық бақылауды уәкілетті орган талдау және ақпараттық жүйелер деректері, сондай-ақ, бақылау субъектісінің (объектісінің) қызметі туралы басқа да мәліметтер негізінде жүзеге асырады.

Мыналар бақылау субъектілері болып табылады: техникалық қарап-тексеру операторлары.

«Қазақстан Республикасының Кәсіпкерлік Кодексінің» 144-1-бабының 1-бөлігіне сәйкес, бақылау және қадағалау органдары бақылау мен қадағалау субъектісі ұсынған есептілікті, уәкілетті мемлекеттік органдардың мәліметтерін, сондай-ақ мемлекеттік ақпараттық жүйелер мен электрондық ақпараттық ресурстардан алынған мәліметтерді және бақылау мен қадағалау субъектісінің «объектісінің» қызметі туралы басқа да құжаттар мен мәліметтерді зерделеу және талдау негізінде жүзеге асырады.

Инспекция тарапынан көліктегі уәкілетті орган ретінде, техникалық қарап-тексеру операторларының қызметін көрсететін тұлғаларға қатысты жүргізілген талдау нәтижесінде келесі жағдайлар анықталды.

«Қызметін өңірін айқындау қағидасын бекіту туралы» ҚР Көлік және коммуникация министрінің 2014-жылы 27 маусымдағы №392 бұйрығымен бекітілген қағидасының 6-тармағына сәйкес, көлік құралдарын (бұдан әрі-КҚ) міндетті техникалық қарап тексеруді өткізуді қамтамасыз ету үшін техникалық қарап тексерудің ұтқыр желілері бар техникалық қарап тексеру операторы қызмет өңірі шегінде КҚ міндетті техникалық қарап тексеруді өткізу кестесін (бұдан әрі-кесте) осы Қағидалардың қосымшасына сәйкес нысан бойынша жасайды.

Сонымен қатар, осы Қағиданың 12-тармағына сәйкес, оператор тұрғындарды кесте туралы тиісті әкімшілік-аумақтық бірліктің аумағында таратылатын мерзімді баспа басылымдарында хабарлайды және кестенің көшірмесін күнтізбелік бес күн ішінде Комитеттің аумақтық органдарына жібереді.

Инспекция тарапынан «Техникалық байқау» БАЖ бірыңғай жүйесінде зерделеу жүргізу барысында Сіздің қарамағыңыздағы қарап тексерудің ұтқыр желісі арқылы міндетті техникалық қарап тексеруден 2023-

жылы автокөліктер өткізілгені белгілі болды.

Алайда, аталған талаптар бұзыла отырып, 2023-жылға арналған КҚ-ның міндетті техникалық қарап тексеруді өткізу кестесі туралы ақпарат тиісті әкімшілік-аумақтық бірліктің аумағында таратылатын мерзімді баспа басылымдарында хабарланбағаны анықталды.

Бұдан бөлек, оператормен кестенің күнтізбелік бес күн ішінде Комитеттің аумақтық органына, яғни Түркістан облысы бойынша көліктік бақылау инспекциясына жіберілмегені белгілі болды.

Жоғарыда айтылғандардың негізінде, Қазақстан Республикасының Кәсіпкерлік Кодексінің 144-1-бабын, Заңның 19-17 бабының 5-б, басшылыққа ала отырып, анықталған бұзушылықты жою туралы осы ұсыным жасалады.

Яғни, 2023-жылға арналған КҚ-ның міндетті техникалық қарап тексеруді өткізу кестесі туралы ақпаратты тиісті әкімшілік-аумақтық бірліктің аумағында таратылатын мерзімді баспа басылымдарында хабарлауды.

Кестенің көшірмесін күнтізбелік бес күн ішінде Түркістан облысы бойынша көліктік бақылау инспекциясына жіберу керек.

Заңның 19-17-бабының 8-б, 9-б, 10-б сәйкес, бақылау субъектісіне (объектісіне) бармай профилактикалық бақылау нәтижелері бойынша анықталған бұзушылықтарды жою туралы ұсыным табыс етілген күнінен кейінгі күннен бастап жиырма жұмыс күні ішінде орындалуға тиіс.

Бақылау субъектісі ұсынымда көрсетілген бұзушылықтармен келіспеген жағдайда, ұсынымды жіберген уәкілетті органға ол табыс етілген күннен кейінгі күннен бастап бес жұмыс күні ішінде қарсылық жіберуге құқылы.

Бақылау субъектісіне (объектісіне) бармай профилактикалық бақылау нәтижелері бойынша анықталған бұзушылықтарды жою туралы ұсынымды белгіленген мерзімде орындамау бақылау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы профилактикалық бақылауды тағайындауға алып келеді.

Қабылданған шешім туралы ақпарат жоғарыда көрсетілген Заң талаптарына сәйкес Инспекцияға жолдану қажет.

ЖК «Ержанова У.Ж» автокөліктерді жылжымалы техникалық байқаудан Созақ ауданы бойынша өткізетіндігін хабарлаймыз.

Жұмыс кестесі: Дүйсенбі-Сенбі

Жұмыс уақыты: 08:00-ден-20:00-ге дейін.

«Созақ үні»-ақпарат.

Ол жоғары оқу орнын бітіріп келгенде біздер шәкірт едік. Жалындаған жас біздерге ерекше білімді, сымбатты жігіт болып көрінді. Бала көңілмен оған қызыға қарайтынбыз. Сабақты өте қызықты етіп өткізетін. Қарапайымдылығы, шәкірттерін жанындай жақсы көретін қасиетімен бізге қатты ұнайтын. Шымкент қаласындағы педагогтар дайындайтын институттың физика факультетін бітіріп келген ол балаларды білім нәрімен сусындатуда терең білімімен, оқушыларының тілін тез табатын. Сосын әрбір сабақты көрнекіліктермен қызықты етіп өткізетін. Қатардағы мұғалімнен мектеп дирек-

рымен жиі хабарласып тұрады. Мектеп ұжымында зор беделге ие болды. Жаңадан бітіріп келген жас мамандарға іс-тәжірибесін үйретуден жалықпайтын. Көптеген шәкірттері өзімен бірге қызметтес болды.

Есен Досболов мемлекеттік қызметкердің отбасында дүниеге келді. Асқар тау әкесі Сәметов Досбол Түркістан қаласындағы мұғалімдер даярлайтын училищені үздік бітірген. Құмкент және Бабата ауылдарында мұғалім болып қызмет атқарған. Кейін Құмкент совхозына ауысып, жұмысшылар комитетінің төрағасы, одан соң Құмкент ауылдық



тұтады. Ал шәкірттері болса, ұстаздарымен мақтанады.

Зейнеткерлікке шыққаннан кейін Е.Досболов ауылдық ардагерлер Кеңесінің төрағасы болды. Ауылда көптеген ғибратты шаралардың ұйымдастырылуына ымыты болып жүр.

Ауыл әкімі Фани Пардабекұлымен тығыз жұмыс жасап, көптеген игі істер атқарып келеді.

Ауыл әкімі ардагер ағамызды қабылдап, оған құрмет көрсетті. Көп жылдар бойы шәкірт тәрбиелеп, оларды қанаттандырған Е.Досболов зейнеткерлікке шыққаннан соң да қоғамдық жұмыстан қол үзбей ауылдық арда-

нау жасаған жұмыстары үшін 1992 жылы Қазақстан Республикасы оқу министрінің Грамотасымен, 2017 жылы оқу министрінің «Ұлағат» төсбелгісімен марапатталған. Абзал қасиеттерімен шәкірттерінің мақтанышына айналған. Бұл жас ұрпақ үшін үлгі-өнеге.

Отбасында перзенттеріне асқар таудай әке. Балаларының барлығы жоғарғы білімді педагогтар. «Әке көрген -оқ жонар» деп айтуға тұрарлықтай азамат. Өмірінің көп бөлігі білім беру саласына арнаған көркем мінезді ұстаз әлі де бойындағы керемет қасиеттерін жас ұрпақтың санасына егуді өзіне парыз

Білім саласының майталманы

торының тәрбие жөніндегі орынбасары, оқу ісінің меңгерушісі болып қызмет сатыларына көтерілді. Үнемі ізденісте жүретін мұғалімдердің санатына қосылды. Білім ұясының басшысы ретінде көптеген игі істер атқаруда белсенділік көрсетті. Білім берген шәкірттері қазіргі таңда әр салада қызметтер атқарып жүр. Ұстазда-

кеңесінің председатели болған. Бірнеше рет ауданға депутат болып сайланған. Бірнешедеген мемлекеттік наградалардың иегері. Жұбайы да мұғалім болған. Осындай мұғалімдер жанұясында өскен Есен мұғалімдік мамандықты қалаған. Ол Қ.Сәтбаев атындағы гимназияның түлегі. Бірнеше жыл мектеп кәсіподақ ұйы-

мын басқарды. Ұстаз болуымен қатар ол қоғамдық жұмыстарға да белсене қатысатын. Қандай шаралар болмасын Е.Досболов ортасында жүретін. Жүрегі таза, шәкірт үшін жанын беретін мұғалім ретінде көп әріптестеріне үлгі-өнеге көрсетті.

Алдынан білім алып ұшқан оқушыларын Есен ағай әруақытта мақтан

герлер Кеңесінің төрағалығын атқарып, ақсақалдарға жетекшілік етуде. Ауданымыздың бағатөгі ақсақалы жол бастар абызы болып табылған. Жастарға айтар тағылымды аңғимесі де бар. Өзінен кейінгі ұрпаққа өнегелі, ізгілікке толы ісі де жетерлік. Ұлағатты ұстаз, ұйымдастырушы ретінде еңбегі ерен. Осы-

санайды.

Асқар таудың биіктігі алыстаған сайын айқында-ла түсетіні сияқты Есен ағай жасы кемелденген сайын батагөй ақсақалдардың қатарынан көрінуде.

Мерей жас иесіне 70 жасыңыз құтты болсын дейміз.

Сәрсенбек САЙЛАУБЕКҰЛЫ.

«Созақ ауданы әкімдігінің жер қатынастары» мемлекеттік мекемесі 2023 жылдың 13 маусым күні сағат 11:00-де <https://e-auction.gosreestr.kz> веб порталы арқылы сауда-саттықтың Жер учаскелерін немесе жер учаскелерін жалдау құқығын сату жөніндегі сауда-саттық (аукциондарды) мемлекеттік мүлік тізілімінің веб-порталында электрондық түрде жер учаскелерінің меншік құқығын сату аукционын өткізеді

Сауда-саттықтың ағылшын тәсілі бойынша аукцион өткізу шарттары.

Ұйымдастырушы объектіні бастапқы бағасы мен бағаның ұлғаю қадамын хабарлайды. Аукционға қатысушылар жарияланған қадам бойынша бағаны көтереді. Объект бойынша сауда-саттық объектінің ең жоғарғы ұсынылған бағасына дейін жүргізіледі. Егер объект бойынша сауда-саттық қатысушылардың саны екіден кем болмаса, сауда-саттық өткізілді деп есептеледі.

Жер учаскелерін сату шарттары: нысаналы мақсатына сәйкес пайдалану, игеру шартын жасау, объектісін жобалау үшін сәулеттік жайғастыру тапсырмасын алу, сервитутттар беру, жер төлемін уақытылы енгізу.

Ауыртпалықтар (шектеулер): инженерлік коммуникациялардың қорғау аймағын сақтау және оларды жөндеу және қызмет көрсету үшін кедергісіз кіру мүмкіндігін беру.

Қосымша шарттар: құжаттардың бастапқы пакетін рәсімдеу бойынша шығын сомасын сатып алушымен өтеуге жатады.

Сауда-саттықта анықталған учаскенің құны: 15 (он бес) %-ын құрайды, бірақ 50 (елу) айлық есептік көрсеткіштен кем болмайды және 30 (отыз) МРП АЕК-ден аспайды.

Өтінімдерді қабылдаудың соңғы мерзімі: Аукционға қатысушыларды тіркеу хабарлама жарияланған күннен бастап жүргізіледі және аукцион басталғанға дейін 20 минут бұрын аяқталады. Өтінімдерді

қабылдау және тіркеу мерзімі аяқталғаннан кейін түскен өтінімдер қабылданбайды.

Аукционға қатысушы ретінде тіркелген үшін: аукционға қатысуға өтініш, тұлғасын куәландыратын құжат, кепілдік жарна енгізілгенін растайтын төлем құжатының көшірмесі, өкілдің өкілеттігін куәландыратын құжат ұсынылуы қажет. Заңды тұлғалар қосымша нотариалды расталған Жарғының және заңды тұлғаны тіркеу туралы куәліктің көшірмелерін ұсынады. Төлемнің бастапқы бағасының нысаны мен шарттары:

Бір кепілдік жарна бір жер учакесін сатып алуға құқық береді.

Аванстық төлем сатып алу-сату шартына қол қойылған күннен бастап

бес банктік күннен кешіктірілмей мерзімде аукцион барысында белгіленген бағаның 15 (он бес) %-ын құрайды, бірақ 50 (елу) айлық есептік көрсеткіштен кем болмайды. Кепілдік жарна тиісті аванстық төлем есебіне алынады;

Кепілдік жарна <https://e-auction.gosreestr.kz> веб порталында (IBAN/ИИК) в АО "Народный банк Казахстана": K Z 9 4 6 0 1 7 1 1 0 0 0 0 0 3 3 0 ; БИК:HSBKKZKX; КНП:171; Кбе: 16.

Жібек жолы көшесі №40 үй «Созақ ауданы әкімдігінің Жер қатынастары бөлімі»

Анықтама үшін телефоны: 8/72546/ 4-27-69; 8775-026-35-36

Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2021 жылғы 15 қазандағы» №297 бұйрығы, Созақ ауданы аумағынан сауда-саттыққа (аукционға) түсетін жер учаскелерінің ТІЗІМІ

№	Орналасқан жері	Нысаналы мақсаты	Көлемі, га	Құқық түрі	Аукционды өткізу тәсілі	Жер телімінің бастапқы (төменгі) бағасы теңге	Аукцион өтетін уақыты	Кепілдік жарна бастапқы соманың 15% бірақ 30 АЕК төмен болмауы керек
1	Созақ ауданы, Тайқоңыр кенті	Күкірт қышқылы заводы құрылысы үшін	20 гектар	Жеке меншік	Электрондық түрде	8 800 000	13.06.2023 11-00	1 320 000

Сенімгерлік басқарушы:

"Agro-sozak" ЖШС

Меншік иесі-

"Созақ үні" газеті редакциясы" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

Директор: Абилпаттаев Ержан Бақытжанович

Бас редактор: Теңізбаев Сәрсенбек Сайлаубекұлы
Жауапты хатшы
Мақсат Қарғабай
Редакция құрамы:

Аға тілші-**Нұржамал МАЙУСОВА**
Тілшілер-**Данияр БЕКОВ**
Нұрсұлтан ШЕРТАЕВ
Біржан ЖАНДӘУЛЕТОВ
Дизайншы-**Асхан БАҚТЫБАЕВ**
Теріміші-**Бағила АЯЗБАЕВА**

Қолжазбалар еңделеді, қайтарылмайды және оларға пікір жазылмайды. Редакция авторлар мақаласы мен жарнама мазмұнына және өздері әкелген суреттің сапасына жауап бермейді. Кей суреттер интернеттен алынады.

Компьютерлік бетпен екі жарым беттен (250 жол) асқан материалдар қабылданбайды.

Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және Коммуникациялар Министрлігі Ақпарат комитетінде 2018 жылдың 6 қаңтар күні Астана қаласында тіркеліп, мерзімді баспасөз басылымын, ақпарат агенттігін және желілік басылымды есепке қою, қайта есепке қою туралы №17391-Г куәлігі берілген.

Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттелді. «Ар-принт» баспаханасында басылды. Шымкент қаласы, Ж.Ташенов көшесі, №24.

Таралу аумағы: Қазақстан Республикасы

Газет А-3 көлем форматта аптасына 2 рет шығады
Индекс 64450

Редакцияның мекен-жайы: 161000, Шолақорған ауылы, С.Қожанов көшесі, байланыс телефондары 4-15-30 (факс), 4-25-19, 4-28-97

А-ақысы төленген

тапсырыс № таралымы - 3600 дана

Кезекші редактор:

М.Қарғабай.